

## **Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға туристік жарнаны бекіту туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 наурыздағы № 14/249-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 сәуірде № 27353 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" № 787 қаулысына сәйкес, Жарма аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері- болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат хатшысы*

*М. Оспанбаев*